

Ауылдық округ әкімінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі № 10 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Атырау облысы Махамбет ауданы Сарайшық ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 16 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабына сәйкес және "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің " Махамбет аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 11 маусымдағы № 138 ұсынысы негізінде **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫМ:**

Сарайшық ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі № 10 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 3193 болып тіркеліп, "Жайық шұғыласы" газетінің 2015 жылдың 07 мамырындағы № 18 (6175) санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

Сарайшық ауылдық округінің әкімі

А. Мастекова